

2023-2024 оқу жыл

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

### ХАТТАМА №2

Өткізілген уақыты: 22 қараша 2023 жыл

**Түрі:** Тақырыптық кеңес

**Тақырыбы:** Мектепке дейінгі балалардың денаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

**Мақсаты:** Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру

**Төрайымы:** Шарипова.А.Т

**Хатшысы:** Базарбай.А.Т

**Барлық педагогтар саны:** 7

**Қатысқан педагогтар саны:** 7

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Мектеп жасына дейінгі балаларға дене тәрбиесінің әсері» кеңес, тәжірибе алмасу.
3. «Балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыруда қимыл-қозғалыс ойындарының ерекшеліктері» баяндама

**КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА:** «Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру»

### 1. ТЫҢДАЛДЫ:

**Бірінші мәселе бойынша,** балабақша меңгерушісі №2 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Балабақша 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбиелеу мен оқыту жұмысының жоспарына сәйкес жұмыс жасап жатқанын айтты. Балалардың даму құзыреттілігін анықтайтын мониторинг жұмысының бастапқысы қыркүйек айында алынғанын, оның нәтижесі №4 педагогикалық кеңесте аралық мониторингпен салыстырмалы түрде көрсетілетінін айтты. Әдістемелік көмекті қажеттететін жас мамандарға бекітілген тәлімгерлер өз жұмысын жасап жатқанын және тәрбиешілер өздеріне бекітілген топта жұмыс жасап жатқанын айтты.

### ШЕШІМІ:

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін

## **2. ТЫҢДАЛДЫ:**

Балабақша әдіскері «біздің балаларымыздың денсаулығы неге байланысты?» деген сауалды ортаға салды. (таңертеңгілік жаттығулар, серуендеу, желдету, күн тәртібін сақтау, дене шынықтыру, қимылды ойындар, дене жаттығулары, музыка сабақтары, ұйқыдан кейінгі жаттығулар, белсенді демалыс). Одан әрі «Денсаулық дегеніміз не?», «Денсаулық сақтау технологиялары дегеніміз не?» деген сауалдарды ортаға салып талқылады.

"Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?" тақырыбында педагогтар өз тәжірибесімен бөлісетін болады. Біздің балабақшада күн сайын, барлық жас топтарында денсаулықты нығайтуға көмектесетін және балалардың дене бітімін жан-жақты дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дене жаттығуларының бірнеше түрлері ұсынылады.

## **ШЕШІМІ:**

1. Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар жасалсын.

## **3. ТЫҢДАЛДЫ:**

Дене шынықтыру нұсқаушысы «Балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыруда қимыл-қозғалыс ойындарының ерекшеліктері» тақырыбында баяндама оқыды. Ол білім беру процесінде қолданылатын балалардың денсаулығына пайдасын тигізетін барлық технологиялар денсаулық сақтау білім беру технологиялары болып табылады. Бізде мектепке дейінгі ұйымның ерекшелігін ескере отырып, баланың эмоциялық күйіне, оның толыққанды дамуына және әрбір баланың мектепке дейінгі ұйымда денсаулық деңгейін арттыруға ықпал ететін денсаулық сақтау білім беру процесін ұйымдастыруға жағдай жасалғанын айтты. Балабақша жағдайында құрылған денсаулық сақтау ортасы баланың әлеуметте бейімделуін, балалардың қимыл белсенділігін қажетсінуін іске асыруды және қимыл дағдыларын тиімді игеруді қамтамасыз етуге ықпал ететінін айтты.

## **ШЕШІМІ:**

1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдысы өз жалғасын тапсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Шарипова А.Т

Хатшы: Базарбай.А.Қ



# «Айкөркем» отбасылық үлгідегі бөбекжайы

## № 2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

**Өткізілген уақыты:** 23 қараша 2023 жыл

**Түрі:** Тақырыптық кеңес

**Тақырыбы:** Мектепке дейінгі балалардың денаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

**Мақсаты:** Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру